

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

"Қазақстан қор биржасы" АҚ
Директорлар кеңесінің шешімімен
(2018 жылдың 13 шілдесіндегі
№ 22 отырыс хаттамасы)

б е к і т і л д і

2018 жылдың 01 қазанынан бастап
қолданысқа енгізілді

**Мүшелік жарналар, биржалық және
клирингілік алымдар туралы, кепілмен
қамтамасыз етуді есепке алу үшін комиссия
туралы**

ҚАҒИДА

*(Осы тақырыптама Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 29 маусымындағы
шешімімен өзгертілген)*

Алматы қ.

2018

ТҮЗЕТУЛЕР ПАРАҒЫ

1. № 1 өзгерту:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілді (2018 жылдың 25 желтоқсанындағы № 38 отырыс хаттамасы);
- 2018 жылдың 26 желтоқсанынан бастап қолданысқа енгізілді.

2. № 2 толықтыру:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілді (2019 жылдың 19 наурызындағы № 15 отырыс хаттамасы);
- 2019 жылдың 01 сәуірінен бастап қолданысқа енгізілді.

3. № 3 толықтыру:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілді (2019 жылдың 11 сәуіріндегі № 18 отырыс хаттамасы);
- 2019 жылдың 15 сәуірінен бастап қолданысқа енгізілді.

4. № 4 өзгертулер мен толықтырулар:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілді (2019 жылдың 24 қыркүйегіндегі № 45 отырыс хаттамасы);
- 2019 жылдың 01 қазанынан бастап қолданысқа енгізілді.

5. № 5 өзгертулер мен толықтырулар:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілді (2020 жылдың 21 мамырындағы № 16 отырыс хаттамасы);
- 2020 жылдың 03 тамызынан бастап, Мүшелік жарна, биржалық және клирингтік алымдар туралы Қағиданың 10 бабына қор нарығына (Биржаның "қор" санаты мүшелері үшін) қатысты 2021 жылдың 01 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізілетін, валюталық нарыққа (Биржаның "валюталық" санаты мүшелері үшін) қатысты – 2021 жылдың 01 наурызынан бастап қолданысқа енгізілетін өзгертулер мен толықтырулардың 7 және 8 тармақтарынан басқасы қолданысқа енгізілді.

6. № 6 өзгертулер мен толықтырулар:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілді (2020 жылдың 11 қарашасындағы № 39 отырыс хаттамасы);
- 2020 жылдың 12 қарашасынан бастап қолданысқа енгізілді.

7. № 7 өзгертулер мен толықтырулар:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілді (2021 жылдың 28 қаңтарындағы № 3 отырыс хаттамасы);
- 2021 жылдың 29 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізілді.

8. № 8 өзгертулер мен толықтырулар:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілді (2021 жылдың 23 маусымындағы № 42 отырыс хаттамасы);
- 2021 жылдың 23 маусымынан бастап қолданысқа енгізілді.

9. № 9 толықтыру:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілді (2021 жылдың 23 маусымындағы № 42 отырыс хаттамасы);
- 2021 жылдың 01 шілдесінен бастап қолданысқа енгізілді.

10. № 10 өзгертулер мен толықтырулар:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілді (2021 жылдың 15 қыркүйегіндегі № 62 отырыс хаттамасы);
- 2021 жылдың 16 қыркүйегінен бастап қолданысқа енгізілді.

11. № 11 өзгерту:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілді (2021 жылдың 24 желтоқсанындағы № 71 отырыс хаттамасы);
- 2021 жылдың 24 желтоқсанынан бастап қолданысқа енгізілді.

12. № 12 өзгертулер мен толықтырулар:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілді (2022 жылдың 28 наурызындағы № 10 отырыс хаттамасы);
- 2022 жылдың 29 наурызынан бастап қолданысқа енгізілді.

13. № 13 өзгертулер мен толықтырулар:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілді (2022 жылдың 29 маусымындағы № 20 отырыс хаттамасы);
- 2022 жылдың 30 маусымынан бастап қолданысқа енгізілді.

14. № 14 өзгертулер мен толықтырулар:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілді (2022 жылдың 31 тамызындағы № 26 отырыс хаттамасы);
- 2022 жылдың 31 тамызынан бастап қолданысқа енгізілді.

15. № 15 өзгертулер мен толықтырулар:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілді (2022 жылдың 26 қыркүйегіндегі № 28 отырыс хаттамасы);
- 2022 жылдың 27 қыркүйегінен бастап қолданысқа енгізілді.

16. № 16 өзгерту:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілді (2022 жылдың 08 желтоқсанындағы № 39 отырыс хаттамасы);
- 2022 жылдың 30 маусымынан бастап қолданысқа енгізілді.

17. № 17 өзгертулер мен толықтырулар:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілді (2023 жылдың 01 наурызындағы № 6 отырыс хаттамасы);
- 2023 жылдың 02 наурызынан бастап қолданысқа енгізілді.

18. № 18 өзгертулер мен толықтырулар:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілді (2023 жылдың 29 маусымындағы № 17 отырыс хаттамасы);
- 2023 жылдың 29 маусымынан бастап қолданысқа енгізілді.

Осы Қағида "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа) мүшелері және оның клирингілік қатысушылары мен осы Ережеде көрсетілген Биржа қызметтерін жалпы пайдаланылатын басқа да тұтынушылары төлеуге жататын мүшелік жарналардың, биржалық және клирингілік алымдардың, кепілмен қамтамасыз етуді есепке алу үшін комиссиясының мөлшері (мөлшерлемесі) мен мұндай жарналар мен алымдарды төлеу мерзімдері мен тәртібі, сондай-ақ оларды төлемегені, толық немесе уақтылы төлемегені үшін жауаптылықты анықтайды (*осы абзац Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 29 маусымындағы шешімімен өзгертілген*).

Биржаның ішкі құжаттарында осы Қағидада көрсетілгеннен өзге Биржа мүшелерінің Биржаның пайдасына төлеуі тиіс жарналарының түрлері белгіленуі мүмкін; мұндай жағдайда осындай жарналардың мөлшері (мөлшерлемесі), оларды төлеу мерзімі мен тәртібі, сондай-ақ олардың төленбеуі, толық немесе уақытында төленбеуі үшін қарастырылатын жауапкершілік Биржаның осы ішкі құжаттарымен анықталады.

1-тарау. ЖАЛПЫ ҚАҒИДАЛАР

1 бап. Ұғымдар

1. Осы Қағидада қолданылған ұғымдар келесіні білдіреді:
 - 1) **"комиссиялық алым"** – Биржаның сауда-саттық жүйесінде жасалған мәмілелер үшін алым;
 - 1-1) **кепілмен қамтамасыз етуді есепке алу үшін комиссия** – төлем карточкаларының банкаралық жүйесінде есеп айырысулардың аяқталуын қамтамасыз ету жүйесінде кепілді қамтамасыз етуді қабылдау, есепке алу және бақылау қызметтерін көрсеткені үшін комиссия (*осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 29 маусымындағы шешімімен енгізілген*);
 - 2) **"клирингілік алым"** – Биржа орталық контрагент қызметін атқаратын, Биржаның қаржы құралдарымен мәміле бойынша қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша гросс-негізде клирингілік жүзеге асырғаны үшін және Биржаның ішкі нормативтік құжаты "Биржалық қызметті жүзеге асыру Қағидасына" сәйкес орталық контрагент қызметін атқармайтын, нетто-негізінде клиринг жүргізу үшін төленетін алым (*осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 24 қыркүйегіндегі және 2020 жылдың 11 қарашасындағы шешімімен өзгертілген*);
 - 3) **"АЕК"** – Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес зейнетақы, жәрдемақы және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеуге, сондай-ақ айыппұл ықпалшараларын қолдануға, салықты салуға арналған айлық есептік көрсеткіш, оның мәнін Қазақстан Республикасының тиісті жылдарға арналған республикалық бюджет туралы заңдары белгілейді. (*осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 24 қыркүйегіндегі шешімімен алып тасталған*).
 - 4) (*осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 24 қыркүйегіндегі шешімімен алып тасталған*).
 - 5) **"сауда-саттық күнін ұзарту үшін алым"** – Биржа мүшесінің бастамасымен қаржы құралы (қаржы құралдарының тобы) бойынша сауда-саттық сессиясы ұзартылғаны үшін немесе қосымша сауда-саттық сессиясы өткізілгені үшін Биржа мүшесінен алынатын, Биржаның алымы.
 - 5-1) **қамтамасыз ету шоты** – төлем карточкаларының банкаралық жүйесіне қатысушы болып табылатын клирингілік қатысушыға немесе Төлем карточкаларының банкаралық жүйесіне қатысушы болып

- табылатын клирингтік қатысушының клиентіне биржа ашқан және төлем карточкаларының банкаралық жүйесінде есеп айырысулардың аяқталуын қамтамасыз ету жүйесінде кепілді қамтамасыз етуді қабылдауға, есепке алуға және бақылауға арналған клирингтік шот *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 29 маусымындағы шешімімен енгізілген)*;
- 6) **"техникалық алым"** – сауда-саттық жүйесін қашықтықтан пайдалану тәртіптемесіне қатысты жалпы пайдалану қызметін көрсеткен үшін алынатын, Биржаның алымы; *(аталмыш тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 24 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген)*;
 - 7) **"Сауда-саттық ақпарат"** – осы ұғым "Сауда-саттық жүйесімен қашықтықтан жұмыс істеу тәртіптемесінің ережелері" атты Биржаның ішкі құжатында анықталғандай;
 - 8) **"мүшелік жарна"** – заңды тұлғаны Биржа қандай да бір мүшелік санаты бойынша қабылдағаны үшін және осы санат бойынша Биржа мүшелерінің құрамында болуы үшін алынатын, жарна.
2. Осы Қағидада қолданылған өзге ұғымдар Биржаның басқа да ішкі құжаттарында анықталған ұғымдарға ұқсас.
 3. Осы Қағиданың мақсаттары үшін:
 - 1) қандай да бір қаржы құралдарын сату-сатып алу мәмілелері деп Биржа өткізген сауда-саттықта жасалған мәмілелерді ғана түсіну керек;
 - 2) репо операциялары деп сауда-саттық жүйесінде жасалған (жасалатын) операцияларды ғана түсіну керек;
 - 3) бағалы қағаздарды сату-сатып алу мәмілелері деп репо операцияларына жатпайтын мәмілелерді ғана түсіну керек;
 - 4) қаржы құралының жалғыз сатушысы немесе сатып алушысы бар сауда-саттыққа жатады:

бағалы қағаздарды орналастыру немесе кері сатып алу бойынша жасалған сауда-саттық (оларды өткізу әдісіне қарамастан);

қаржы құралдарын орналастыру (сату, кері сатып алу, сатып алу) бойынша арнайы мамандандырылған сауда-саттық;

мемлекеттік акциялар пакеттерін сату бойынша жасалған сауда-саттық (оларды өткізу әдісіне қарамастан);

ағылшын сауда-саттығы;

голландиялық сауда-саттықтар;
 - 5) Биржа арқылы өткізілетін қандай да бір бағалы қағаздарға жазылым және Биржа арқылы өткізілетін қандай да бір бағалы қағаздардың жария ұсынысы қаржы құралының жалғыз сатушысымен немесе сатып алушысымен сауда-саттыққа жатпайды *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 01 наурызындағы шешімімен өзгертілген)*;
 - 6) сауда-саттық бастамашысы деп қаржы құралының жалғыз сатушысы немесе сатып алушысы бар сауда-саттық деп:

қаржы құралының жалғыз сатушысы немесе сатып алушысы бар сауда-саттықты бастамалайтын, Биржа мүшесін;

Қазақстан Республикасының Қаржы Министрлігі шығарған, мемлекеттік бағалы қағаздарды орналастыру немесе кері сатып алу бойынша

- сауда-саттығында жалғыз сатушысы немесе сатып алушысы өзі болса, Қазақстан Республикасының Қаржы Министрлігі;
- 7) қаржы құралының жалғыз сатушысы немесе сатып алушысы бар сауда-саттық қатысушыларының санына сауда-саттық басмашысы жатпайды;
 - 8) жазылым бастамашысы деп, Биржа арқылы жазылым жүргізілетін бағалы қағаздардың эмитентін түсіну керек, немесе соның бастамасымен осы бағалы қағаздарға Биржа арқылы жазылым жүргізілетін, Биржа мүшесі;
 - 9) жазылым бастамашысы жазылымға қатысушылар санына кірмейді;
 - 10) жазылымға қатысушы деп жазылымның бастамашысы болып табылмайтын Биржа мүшесі түсініледі *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 01 наурызындағы шешімімен енгізілген)*;
 - 11) жария ұсыныстың бастамашысы деп Биржа арқылы жария ұсыныс жүргізілетін бағалы қағаздар эмитенті немесе оның бастамасы бойынша Биржа арқылы осы бағалы қағаздар бойынша жария ұсыныс жүргізілетін Биржа мүшесі түсініледі *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 01 наурызындағы шешімімен енгізілген)*;
 - 12) жария ұсыныстың бастамашысы жария ұсынысқа қатысушылардың қатарына кірмейді *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 01 наурызындағы шешімімен енгізілген)*;
 - 13) жария ұсынысқа қатысушы деп жария ұсыныстың бастамашысы болып табылмайтын Биржа мүшесі түсініледі *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 01 наурызындағы шешімімен енгізілген)*.
4. Мүшелік жарналарды, биржалық және клирингтік алымдарды, кепілмен қамтамасыз етуді есепке алу үшін комиссияны Биржа қазақстандық теңгемен есептейді және қазақстандық теңгемен төленуі тиіс *(осы абзац Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 29 маусымындағы шешімімен өзгертілген)*.

Егер мәміленің немесе операцияның көлемінің мөлшері шетел валютасымен көрсетіліп, осы мөлшерден қандай да бір алым есептелетін болса, алымды есептеу мақсаты үшін оның мөлшері, аталмыш мәміле жасалған (операция жүргізілген) күндегі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкімен белгіленген, қазақстандық теңгенің осы валютаға бағамы бойынша қайта есептеледі.

2-тарау. МҮШЕЛІК ЖАРНАЛАР

2 бап.

Кіру мүшелік жарналары

1. Қандай да бір ұйымды Биржа мүшелігіне қабылдағанда, бұл ұйым, мүшелік санатына қарай, осы Қағиданың 1 немесе 2 қосымшасында белгіленген мөлшерлемелер бойынша кіру мүшелік жарнасын төлеуге міндетті.
2. Биржа мүшелігіне "деривативтер" санаты бойынша қабылданғанда кіру мүшелік жарнасы алынбайды.
3. Биржаның жаңадан қабылданған мүшесі мүшелік кіру жарнасын, оны Биржа мүшелігіне қабылдау туралы ескертпе негізінде, дербес түрде төлейді, бұл

ретте Биржаның жаңадан қабылданған мүшесі өзіне тиісті шотты ұсынуды Биржадан сұратуға құқылы.

Кіру мүшелік жарнасы бір рет төленіп, қайтаруға жатпайды.

4. Биржаның "Мүшелік туралы қағида" атты ішкі құжаты мүшелік кіру жарнасын төлеу мерзімдерін, сондай-ақ оларды төлемегені (толық немесе уақытылы төлемегені) үшін қарастырылатын жауапкершілікті анықтайды.

3 бап.

Мерзімдік мүшелік жарналар

1. Биржа мүшелері Биржаға ай сайынғы мүшелік жарналарды төлеуі тиіс.
2. Биржа мүшелері ай сайынғы мүшелік жарналарды, осы айдың басында Биржа мүшелеріне ұсынылатын Биржа шоттарының негізінде ағымдағы күнтізбелік ай үшін төлейді.
3. "Валюталық" санат бойынша Биржа мүшелері Биржада саудаланатын барлық шетелдік валюталарына (бірінші деңгейдегі рұқсаттама) немесе АҚШ долларынан басқа, шетелдік валюталар сауда-саттығына қатыса алады (екінші деңгейдегі рұқсаттама) және ай сайынғы мүшелік жарналарын өз таңдауы бойынша осы Қағиданың 1 қосымшасында белгіленген сызбаларға және мөлшерлемелерге сәйкес төлейді. *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 24 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген).*
4. "Қор" санаты бойынша Биржа мүшелері ай сайынғы мүшелік жарналарын төз таңдауы бойынша осы Қағиданың 2 қосымшасында белгіленген сызбаларға және мөлшерлемелерге сәйкес төлейді.
5. "Деривативтер" санаты бойынша Биржа мүшелері үшін ай сайынғы мүшелік жарналар белгіленбеген.
6. Мүшелік жарналарды, биржалық және клирингілік алымдарды төлеу сызбасын таңдау (анықтау) үшін Биржа мүшесі Биржаға осындай төлеу сызбасының атауын көрсетіп (осы баптың 7 және 8 тармақтарында белгіленген ерекшеліктер мен шектеулерді ескерумен), өтініш беруі тиіс. Өтініш еркін түрде құрастырылып, Биржа мүшелісінің бірінші жетекшісі немесе оның орнындағы тұлға, немесе Биржаға ұсынылатын Биржа мүшесінің құжаттарына қол қоюға өкілденген тұлғаның қолы қойылуы тиіс.

Осы тармақтың бірінші абзацында аталған өтінішті Биржа мүшесі кезекті күнтізбелік ай басталар алдында кемінде бес жұмыс күн бұрын немесе (белгілі бір санат бойынша Биржа мүшелігін жаңадан қабылданғандар үшін) мүшеліктің белгілі бір санаты бойынша сауда-саттыққа рұқсаттама беру туралы өтінішімен бірге берілуі мүмкін *(осы абзац Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 23 маусымындағы шешімімен өзгертілген).*

Осы тармақтың бірінші абзацында аталған өтінішті қандай да бір Биржа мүшесі бермесе, осындай Биржа мүшесіне қатысты мүшелік жарнаны, биржалық және клирингілік алымдарды төлеудің 1 сызбасы қолданылады.

7. Биржаның валюталық нарығында мүшелік жарналарды, биржалық және клирингілік алымдарды төлеудің 4 сызбасын, Биржаның "валюталық санат" бойынша мүшесі болып табылатын және Биржаның валюталық нарығында және солардың мүддесіне ғана мәмілелер жасасуға құқығы бар, брокерлік ұйымдар таңдауға құқылы *(осы абзац Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 11 қарашасындағы шешімімен өзгертілген).*

Биржаның валюталық нарығында мүшелік жарналарды, биржалық және валюталық нарықтағы клирингілік алымдарды төлеудің 5 сызбасы бойынша тек Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі төлейді. Биржаның "валюталық" санаты бойынша өзге мүшелері осы сызбаны таңдауға құқы жоқ.

8. АҚШ доллары бойынша маркет-мейкерлер Биржаға валюталық нарықтарғы ай сайынғы мүшелік жарнасының 50 % төлейді, оның көлемі, мүшелік жарналарды, биржалық және клирингілік алымдарды төлеудің таңдаған сызбасына қарай, осы баптың 6 тармағына сәйкес анықталады.

АҚШ долларынан өзге шетел валютасы бойынша маркет-мейкер, Биржаға төлейтін валюталық нарықтағы ай сайынғы мүшелік жарнасының көлемі, 100 АЕК-ке кемітіліп (осы тармақтың үшінші абзацында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып), мүшелік жарналарды, биржалық және клирингілік алымдарды төлеудің таңдаған сызбасына қарай, осы баптың 6 тармағына сәйкес анықталады.

Бірінші деңгейдегі рұқсаттамасы бар, қандай да бір Биржа мүшесі олар таңдаған міндетті баға белгілеулерді жариялайтын және қолдау көрсететін 2 сызбаға сәйкес Ресей рублі бойынша маркет-мейкер болса, валюталық нарықта ай сайынғы мүшелік жарна көлемі осы баптың 6 тармағына сәйкес, 150 АЕК-ке кемітіліп, мүшелік жарналарды, биржалық және клирингілік алымдарды төлеудің таңдаған сызбасына қарай, осы баптың 6 тармағына сәйкес анықталады.

Биржа мүшесі екі немесе одан аса шетел валюталары бойынша маркет-мейкер болса, осы тармақтың бірінші, екінші және үшінші абзацтарында белгіленген жеңілдіктер ол үшін қосылмайды. Осы Биржа мүшесі шетел валюталары бойынша маркет-мейкер болған уақыт аралығындағы әр күнтізбелік ай барысында бір рет ең үлкен жеңілдік қолданылады.

Қандай да бір Биржа мүшесі маркет-мейкер міндеттеріне кіріскен жағдайда немесе маркет-мейкер мәртебесінен айырылған жағдайда, ай сайынғы мүшелік жарнасын төлеу бойынша жеңілдігі осы Биржа мүшесінің маркет-мейкер міндеттерін орындаған ағымдағы айының жұмыс күндеріне пропорционалды есептеліп қолданылады.

(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 11 қарашасындағы шешімімен өзгертілген)

3-тарау. БИРЖАЛЫҚ АЛЫМДАР

4 бап. Биржалық алымдар туралы жалпы қағидалар

1. Биржалық алымдар дегеніміз:
 - 1) осы Қағиданың 5 бабына сәйкес есептелетін, бағалы қағаздарды сатып алу – сату мәмілелері бойынша комиссиялық алымдар;
 - 2) осы Қағиданың 6 бабына сәйкес есептелетін, репо операциялары бойынша комиссиялық алымдар;
 - 3) осы Қағиданың 7 бабына сәйкес есептелетін, мерзімдік келісімшарттар бойынша жүргізілген операциялар бойынша комиссиялық алымдар;
 - 3-1) осы Қағиданың 6-1 бабына сәйкес есептелген, қор нарығының своп операциялары бойынша реттеу тәртіптемесінде жасалған комиссиялық алымдар *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 21 мамырындағы шешімімен енгізілген)*.
 - 4) осы Қағиданың 8 бабына сәйкес есептелетін, қаржы құралының жалғыз сатушысы немесе сатып алушысы бар сауда-саттықты ұйымдастырып, өткізу үшін комиссиялық алымдар;
 - 5) осы Қағиданың 9 бабына сәйкес есептелетін, жазылым жүргізгені үшін Биржаның комиссиялық алымдары;
 - 6) осы Қағиданың 10 бабына сәйкес есептелетін, техникалық алымдар;

- 7) осы Қағиданың 11 бабына сәйкес есептелетін, сауда-саттық күнді ұзарту үшін алымдар;
 - 8) осы Қағиданың 9 бабына сәйкес есептелетін, жария ұсыныс жүргізгені үшін Биржаның комиссиялық алымдары *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 01 наурызындағы шешімімен енгізілген)*.
- 1-1. Орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған міндеттемелерді реттеу мақсатында Биржамен жасалған мәмілелер бойынша клирингтік қатысушының өз міндеттемелерін тиісінше орындамауы келесі жағдайларға байланысты орын алғаны туралы растау болған кезде Биржа Басқармасының шешімі бойынша биржалық комиссиялық алымдардың күші жойылуы мүмкін:
- 1) Биржаның қандай да бір ақпараттық жүйесінің немесе оның жеке компонентінің жұмысында туындаған техникалық жаңылыс;
 - 2) Биржаның ішкі құжаттарында және/немесе клирингтік қызмет көрсету туралы келісім-шартында қарастырылған Биржаның өз функцияларын тиісінше орындамауы;
 - 3) Биржаның аса маңызды жеткізушісінің немесе оның жеке компонентінің қандай да бір ақпараттық жүйесінің жұмысында туындаған техникалық жаңылыс;
 - 4) еңсерілмес күш жағдайларының туындауы (форс-мажор жағдайлары, яғни, табиғи апаттар, дүлей зілзалалар, соғыстар, соғыс қимылдары, террористік актілер, халық толқулары, заңнаманың өзгеруі, реттеуші органдардың (уәкілдік берілген) іс-әрекеттері мен шешімдері, жергілікті атқарушы органдардың, мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың шешімдері, оның ішінде карантин жариялау және клирингтік қатысушы болжай алмаған және тікелей өзі болжап отырған басқа да осындай мән-жайлар клиринг қатысушысының өз міндеттерін тиісінше орындауына әсер етті) немесе қаржы нарығы ұйымдарының қызметін тоқтата тұруға байланысты өзге де уақиғалар, оның ішінде Биржа және/немесе клирингтік қатысушы орналасқан елді мекендерде төтенше жағдайдың енгізілуіне немесе төтенше жағдайдың туындауына байланысты;
 - 5) своп/репо мәмілесінің немесе операциясының заты болып табылатын қандай да бір қаржы құралының дұрыс орнатылмаған параметрлері;
 - 6) клирингтік қатысушыны ақылға қонымды бақылау шегінен шығатын өзге де жағдайлар және/немесе уақиғалар.

(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 11 қарашасындағы шешімімен енгізілген және Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 28 наурызындағы шешімімен өзгертілген).

2. Шетел валюталарымен жасалған мәмілелер бойынша биржалық комиссиялық алымдар алынбайды.
3. Биржаның ішкі құжаттарында қаржы құралдарының маркет-мейкерлері үшін осы қаржы құралдармен жасалған операциялар бойынша комиссиялық алымдардың жеңілдік мөлшерлемелері белгіленуі мүмкін.
Осындай жеңілдік мөлшерлемелерін қолдану шарттары мен тәртібі, маркет-мейкерлердің қызметін реттейтін, Биржаның ішкі құжаттарында анықталады.
4. Биржа мүшелері, осы баптың 1 тармағының 1)-2) және 3-1) тармақшаларында белгіленген, биржалық алымдарды ай сайын, аяқталған күнтізбелік ай үшін, аяқталған айдан кейінгі айдың басында Биржа ұсынатын, шоттардың негізінде төлеуі тиіс.

Осы баптың 1 тармағының 3) тармақшасында көрсетілген биржалық алымды Биржа мүшесі, Биржа төлеуге жататын соманы оның қамтамасыз етуінен ұстап қалу арқылы, мерзімдік келісімшартпен жасалатын операцияны жүзеге асырған күні төлейді.

Осы баптың 1 тармағының 4), 5) және 7) тармақшаларында көрсетілген биржалық алымдар, Биржа тиісінше мамандандырылған сауда-саттықты өткізгеннен немесе жазылымнан немесе сауда-саттық күнін ұзартудан кейін мамандандырылған сауда-саттықтың немесе жазылымның бастамашысына ұсынылатын Биржа шотының негізінде төленеді.

Осы баптың 1 тармағының 6) тармақшасында көрсетілген техникалық алымдар ағымдағы күнтізбелік айдың басында техникалық алымдарды төлеушілерге ұсынатын, Биржа шоттарының негізінде ағымдағы күнтізбелік ай үшін ай сайын төленеді.

(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 25 желтоқсанындағы, 2019 жылдың 24 қыркүйектегі, 2020 жылдың 21 мамырдағы және 2021 жылдың 23 маусымындағы шешімдерімен өзгертілген).

5 бап. Бағалы қағаздарды сатып алу - сату мәмілелері бойынша Биржаның комиссиялық алымдары

1. "Қор" санаты бойынша Биржа мүшесі бағалы қағаздардың түріне байланысты және мәміле сомасынан есептелетін осы Қағидаға 3 қосымшаның 1 кестесінде белгіленген мөлшерлемеле бойынша өзі таңдаған мүшелік жарналарды, биржалық және клирингілік алымдарды төлеу сызбасына байланысты бағалы қағаздарды сатып алу-сату мәмілелері бойынша Биржаның комиссиялық алымдарын төлейді *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 21 мамырындағы және 2023 жылдың 01 наурызындағы шешімімен өзгертілген).*
2. Егер, Биржа мүшесі қандай да бір мәміле бойынша сатушысы да, сатып алушысы да болса, осы мәміле бойынша екі рет сатып алушы ретінде де, сатушы ретінде де комиссиялық алым төлейді.
3. Осы Қағиданың 3 қосымшасындағы 1 кестенің 1.1-2 жолдарында белгіленген, Биржаның комиссиясын минималды көлемдері, егер Биржа мүшесі мүшелік жарналар, биржалық және клирингілік алымдарды төлеудің 1 сызбасын таңдаса, бағалы қағаздарды сатып алу – сату мәмілелері бойынша комиссиялық алымдарды есептегенде қолданылмайды. *(осы абзац Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 21 мамырындағы шешімімен өзгертілген).*

6 бап. Репо операциялар бойынша Биржаның комиссиялық алымдары

1. "Қор" санаты бойынша Биржа мүшелері, келесі формула бойынша есептелген, репо операциялары бойынша Биржаның комиссиялық алымдарын келесі формула бойынша есептелген, мүшелік жарналар, биржалық комиссиялық және клирингілік алымдар төлеудің таңдаған сызбасына қарай төлейді *(осы абзац Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 21 мамырындағы шешімімен өзгертілген):*

$$K = Q \times n \times P, \text{ мұнда:}$$

- K – репо операциясы бойынша Биржаның комиссиялық алымы;
- Q – репо операциясына қатысты, ашылу мәмілесінің сомасы;
- n – осы репо операциясының мерзімі (күнмен) (осы баптың 2 тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескеріп);

P – осы Қағиданың 3 қосымшасындағы 2 кестеде белгіленген, репо операциясы бойынша Биржаның комиссиялық алымының мөлшерлемесі. *(осы абзац Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 21 мамырындағы шешімімен өзгертілген).*

2. Мерзімі Intraday репо операциясы бойынша комиссиялық алымды есептеу мақсаттары үшін, осы операцияның мерзімі бірге тең деп алынады.

Репо операциясының мерзімі өзгерген жағдайда, осы операциясы бойынша Биржаның комиссиялық алымы қайта есептелмейді. *(осы абзац Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 21 мамырындағы шешімімен өзгертілген).*

3. Репо операциясы бойынша Биржаның комиссиялық алымы осы операцияға қатысушылардың әрқайсысы үшін, осы операцияның ашылу датасына (осы тармақтың екінші және үшінші абзацтарын ескере отырып және) есептеледі.

Бір репо операциясы бойынша Биржаның комиссиялық алымының минималды көлемі осы операциясына қатысқан бір қатысушы үшін осы Қағиданың 3 қосымшасының 2 кестесінің 1 жолында белгіленген.

Осы тармақтың бірінші абзацында белгіленген, Биржаның комиссиялық алымының минималды көлемі, Биржа мүшесі мүшелік жарналар, биржалық және клирингтік алымдар төлеудің 2 сызбасын таңдаған жағдайда, неттинг әдісін пайдалана отырып, орындалатын репо операциялары бойынша комиссиялық алымдарды есептегенде қолданылмайды.

(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 21 мамырындағы шешімімен өзгертілген).

4. *(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 21 мамырындағы шешімімен алып тасталған).*
5. Қазақстан Республикасында мемлекеттің ақшалай-несиелік саясатын әзірлеуі мен өткізілуін қамтамасыз ететін, мемлекеттік орган болып табылатын, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, репо сатушы ретінде қатысқан, репо операциялары бойынша комиссиялық алымдарды төлеуден босатылады.

6-1. бап. Реттеу тәртіптемесімен жасалған, қор нарығының своп операциялары бойынша комиссиялық алымдар

"Қор" санатындағы Биржа мүшелері Биржаның комиссиялық алымын осы Қағиданың 3 қосымшасы 2 кестесінің 2 жолында анықталған мөлшерлемесі бойынша реттеу тәртіптемесімен жасалған қор нарығының своп операциялары бойынша комиссиялық алымды төлейді.

(Осы бап Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 21 мамырындағы шешімімен енгізілген).

7 бап. Мерзімдік келісімшарттармен жасалатын операциялар бойынша комиссиялық алымдар

1. Биржа "деривативтер" санаты бойынша мүшелері туынды қаржы құралдарымен жасалатын мәмілелер бойынша Биржаның мынадай формула бойынша есептелетін комиссиялық алымдарын төлейді:

$$K = Fee_{fut} \times N, \text{ мұнда:}$$

K – мерзімдік келісімшарттармен мәміле бойынша Биржаның комиссиялық алымы;

- $F_{e_{fut}}$ – осы баптың 2 тармағына сәйкес анықталған, бір мерзімді келісімшарт үшін Биржаның комиссиялық алымы;
- N – количество срочных контрактов в сделке.
2. Осындай келісімшартпен сауда-саттық ашылғанға дейін бір жұмыс күні бұрын анықталған, бір мерзімді келісімшарттың есептесу құнына байланысты бір мерзімді келісімшарт үшін Биржаның комиссиялық алымы:
 - 1) 0,5 теңге – мерзімдік келісімшарттың есептесу құны 50 000 теңгеге дейін қоса алғанда;
 - 2) 1,0 теңге – мерзімдік келісімшарттың есептесу құны 50 001 теңгеден 150 000 теңгеге дейін қоса алғанда;
 - 3) 1,5 теңге – мерзімдік келісімшарттың есептесу құны 150 001 теңгеден 400 000 теңгеге дейін қоса алғанда;
 - 4) 2,0 теңге – мерзімдік келісімшарттың есептесу құны 400 000 теңгеден асқанда.
 3. Бір сауда-саттық сессиясы барысында Биржа мүшесі бір атаудағы мерзімді келісімшарттар бойынша мәмілелер жасасып, нәтижесінде жайғасым ашып, содан кейін мерзімді келісімшарттар бойынша жайғасым толық жабылған жағдайда, осы мәмілелер бойынша Биржаның комиссиялық алымы осы Биржа мүшесіне қатысты бөлігінде осы баптың 1 тармағына сәйкес есептелген комиссиялық алым мөлшерінің 50 % құрайды.
 4. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасында мемлекеттің ақша-несие саясатын әзірлеуді және жүргізуді қамтамасыз ететін мемлекеттік орган ретінде өзі қатысатын мерзімді келісімшарттармен операциялар бойынша комиссиялық алымдарды төлеуден босатылады.

(Осы бап Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 11 сәуіріндегі шешімімен толықтырылған және Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 23 маусымындағы шешімімен өзгертілген)

8 бап. Қаржы құралының жалғыз сатушысы немесе сатып алушысы бар сауда-саттықты ұйымдастыру және өткізу үшін Биржаның комиссиялық алымдары

1. Қаржы құралының жалғыз сатушысымен немесе жалғыз сатып алушысымен сауда-саттықты ұйымдастыру және өткізу кезінде мұндай сауда-саттыққа қатысушылар бағалы қағаздардың түріне қарай осы Қағидаға 3 қосымшаның 3 кестесінің 1.1 және 1.2 жолдарында анықталған және осындай мәміленің сомасынан есептелетін мөлшерлемелер бойынша бағалы қағаздарды сатып алу-сату мәмілелері бойынша Биржаның комиссиялық алымдарын төлейді *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 21 мамырындағы және 2023 жылдың 01 наурызындағы шешімімен өзгертілген)*.
2. Қаржы құралының жалғыз сатушысы немесе сатып алушысы болған сауда-саттықтардың қатысушыларынан, осы баптың 1- тармағында анықталған, комиссиялық алымдарынан өзге, осындай сауда-саттықтарда жасалған бағалы қағаздарды сату-сатып алу мәмілелері бойынша комиссиялық алымдарын алмайды.
3. Сауда-саттықтың бастамашысы бағалы қағаздардың түріне қарай осы Қағидаға 3 қосымшаның 3 кестесінің 1.3-1.5 жолдарында анықталған мөлшерлемелер бойынша (осы баптың 4 тармағында белгіленгендерді қоспағанда) қаржы құралын жалғыз сатушымен немесе сатып алушымен сауда-саттықты ұйымдастыру және өткізу үшін Биржаның комиссиялық алымын төлейді *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020*

жылдың 21 мамырындағы және 2023 жылдың 01 наурызындағы шешімімен өзгертілген).

4. Биржаның қаржы құралының жалғыз сатушысы немесе сатып алушысы бар сауда-саттықты ұйымдастыру және өткізгені үшін Биржаның комиссиялық алымын төлеуден төмендегі жағдайларда босатылады:
 - 1) Қазақстан Республикасы қаржы министрлігі өзі шығарған бағалы қағаздарды орналастыру немесе кері сатып алу кезінде;
 - 2) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі өз немесе Қазақстан Республикасы қаржы министрлігі шығарған бағалы қағаздарды орналастыру немесе кері сатып алу кезінде;
 - 3) акциялардың мемлекеттік пакеттерін сатушысы болып табылатын Биржа мүшелері.

9 бап. Бағалы қағаздарға жазылу кезінде және бағалы қағаздардың жария ұсынысы жүргізу кезінде Биржаның комиссиялық алымдары

(Осы тақырыптама Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 01 наурызындағы шешімімен өзгертілген)

1. Бағалы қағаздарға жазылуды жүргізу кезінде және бағалы қағаздардың жария ұсынысын жүргізу кезінде жазылуға қатысушылар мен жария ұсынысқа қатысушылар бағалы қағаздарды сатып алу-сату мәмілелері бойынша осындай мәміленің сомасынан есептелетін және бағалы қағаздардың түріне қарай осы Қағидаға 3 қосымшаның 4 кестесінің 1.1 және 1.2 жолдарында анықталған мөлшерлемелер бойынша Биржаның комиссиялық алымдарын төлейді *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 21 мамырындағы, 2022 жылдың 29 маусымындағы және 2023 жылдың 01 наурызындағы шешімімен өзгертілген)*.
2. Биржа осы баптың 1 тармағында қарастырылғаннан басқа, жазылуға қатысушылар мен жария ұсынысқа қатысушылардан бағалы қағаздарға Биржа арқылы жазылу және бағалы қағаздардың өткізілетін (жүргізілген) жария ұсынысы нәтижелері бойынша жасалған бағалы қағаздарды сатып алу-сату мәмілелері бойынша комиссиялық алымдар алмайды *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 01 наурызындағы шешімімен өзгертілген)*.
3. Жазылу бастамашысы, жария ұсыныс бастамашысы бағалы қағаздардың түріне қарай осы Қағидаға 3 қосымшаның 4 кестесінің 1.3-1.8 жолдарында анықталған мөлшерлемелер бойынша (осы баптың 4 тармағында белгіленгендерді қоспағанда) жазылуды ұйымдастырғаны үшін, жария ұсыныс жүргізуді ұйымдастырғаны үшін Биржаның комиссиялық алымын төлейді *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 21 мамырындағы, 2022 жылдың 29 маусымындағы, 2022 жылдың 08 желтоқсанындағы және 2023 жылдың 01 наурызындағы шешімімен өзгертілген)*.
4. Жазылым өткізуді ұйымдастырғаны үшін Биржаның комиссиялық алымын төлеуден босатылады:
 - 1) Қазақстан Республикасының Қаржы Министрлігі өзі шығарған бағалы қағаздарын орналастарғанда;
 - 2) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі өзі немесе Қазақстан Республикасының Қаржы Министрлігінің шығарған бағалы қағаздарын орналастырғанда (сатқанда).
5. Егер жазылым бастамашысы, Биржа мүшесі болып табылмайтын, бағалы қағаздардың эмитенті болған жағдайда, Биржаның комиссиялық

алымдарын төлеу бойынша оның Биржамен қарым-қатынасы жазылым бастамашысы мен Биржа арасында жасалған келісім-шарт арқылы реттеледі.

10 бап. Техникалық алымдар

1. Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес қашықтықтан қол жеткізу тәртіптемесінде сауда-саттық жүйесімен жұмыс істеуге құқығы бар ұйымдар (осы баптың 2 тармағында көрсетілген ұйымдарды қоспағанда) мынадай техникалық алымдар төлейді:

- 1) ASTS+ сауда-клирингілік жүйесіне және сауда-клирингілік жүйесінің терминалы арқылы сауда-саттық ақпаратына рұқсаттама бергені және мәмілелер жасасу құқығымен екі пайдаланушылық есепке алу жазбасын бергені үшін – жеке әрбір нарық үшін айына АЕК 15-еселі мөлшері;
- 2) ASTS+ сауда-клирингілік жүйесіне және шлюз жүйелері (FIX-шлюз, FAST-шлюз немесе AST Bridge шлюз жүйесі) арқылы сауда-саттық ақпаратына рұқсаттама бергені және шлюз жүйелерінің біріне таңдау үшін бір пайдаланушы есептік жазбасын бергені үшін – әрбір нарық үшін жеке айына АЕК-тің 15 еселенген мөлшері;
- 3) ASTS+ сауда-клирингілік жүйесіне және сауда-клирингілік жүйесінің терминалы арқылы сауда-саттық ақпаратына рұқсаттама бергені және мәмілелер жасасу құқығысыз пайдаланушы есептік жазбаларын бергені үшін – әрбір есептік жазба үшін және әрбір нарық үшін жеке-жеке айына АЕК 3-еселі мөлшері;
- 4) осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген есептік жазбаларға қатысты мәмілелер жасасу құқығымен әрбір қосымша пайдаланушылық есептік жазбаны бергені үшін – әрбір нарық үшін жеке-жеке айына АЕК 5-еселі мөлшері;
- 5) сауда-клирингілік жүйесінің терминалы арқылы Биржаның сауда-клирингілік жүйесіне және сауда-саттық ақпаратына демеушілік жасалатын рұқсаттаманың клиенттеріне рұқсаттама бергені үшін (осы ұғым "Биржалық қызметтің ережелері" атты Биржаның ішкі құжатында анықталғандай) – әрбір нарық үшін жеке-жеке әрбір есептік жазба үшін айына АЕК 5-еселі мөлшері;
- 6) SPECTRA IM мерзімді нарығын кепілдікті қамтамасыз етуді есептеу модуліне рұқсаттама бергені үшін – клиенттік нұсқа үшін АЕК 1 еселі мөлшері және фирма нұсқасы үшін АЕК 20-еселі мөлшері.

(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 21 мамырындағы, 2021 жылдың 28 қаңтарындағы және 2021 жылдың 23 маусымындағы шешімдерімен өзгертілген)

2. Қашықтықтан қол жеткізу тәртіптемесінде сауда-клирингілік жүйесімен жұмыс істеуге құқығы бар мынадай ұйымдар техникалық алымдарды төлеуден босатылады:

- 1) *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 31 тамызындағы шешімімен алынып тасталған)*;
- 2) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі;
- 3) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі.

(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 24 қыркүйегіндегі, 2020 жылдың 21 мамырындағы, 2021 жылдың 28 қаңтарындағы және 2021 жылдың 23 маусымындағы шешімдерімен өзгертілген)

11 бап. Сауда-саттық күнін ұзарту үшін алымдар

1. Өтініші негізінде, қаржы құралымен (қаржы құралдарының тобымен) сауда-саттық сессиясы ұзартылған немесе қосымша сауда-саттық сессиясы өткізілген, Биржа мүшесі келесідей алымдарды төлейді (осы баптың 2 тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескеріп):
 - 1) осы мүшенің өтініші бойынша бір күнтізбелік ай барысында бірінші жағдай үшін – АЕК 10-еселі көлемі;
 - 2) осы мүшенің өтініші бойынша бір күнтізбелік ай барысында екінші жағдай үшін – АЕК 20-еселі көлемі;
 - 3) осы мүшенің өтініші бойынша бір күнтізбелік ай барысында үшінші және одан кейінгі жағдайлар үшін – АЕК 50-еселі көлемі.
2. Өтініштері негізінде, бағалы қағаздармен жасалған мәмілелер бойынша, соның ішінде, репо операциялары бойынша есеп айырысуларды аяқтау мақсатында, Биржа операциялық күнді ұзартқан, егер осындай ұзарту Биржаның және/немесе "Орталық бағалы қағаздар депозитарийі" АҚ ақпараттық жүйелерінің жаңылысымен байланысты болса, Биржаның қор нарығының мүшелері операциялық күнді ұзарту үшін алымдарды төлеуден босатылады. Бұл ретте бұндай жаңылыстар деректері тиісінше Биржамен және/немесе "Орталық бағалы қағаздар депозитарийі" АҚ расталуы тиіс.

4 тарау. КЛИРИНГІЛІК АЛЫМДАР

12 бап. Клирингілік алымдар туралы жалпы қағидалар

1. Клирингілік алымдар болып табылады:
 - 1) шетел валюталарымен жасалған, соның ішінде валюталық своп операцияларына жататын, мәмілелер бойынша клирингі үшін клирингілік алымдар (осы баптың 5 тармағымен белгіленген, ерекшеліктерді ескеріп);
 - 2) бағалы қағаздарды сатып алу-сату мәмілелері бойынша, ОК қатысатын бағалы қағаздар бойынша жазылым жүргізу кезіндегі мәмілелер бойынша, ОК қатысатын бағалы қағаздарға жария ұсыныс жүргізу кезіндегі мәмілелер бойынша және репо операциялары бойынша клирингілік алымдар (осы баптың 5 және 5-1 тармақтарында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып) *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 11 қарашасындағы, 2022 жылдың 29 маусымындағы және 2023 жылдың 01 наурызындағы шешімімен өзгертілген)*;
 - 3) деривативтермен жасалған мәмілелер бойынша клиринг үшін клирингілік алымдар.

(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 24 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген)

2. Осы баптың 1 тармағында көрсетілген клирингілік алымдар, осы тармақтың екінші абзацында белгіленгенді қоспағанда, өткен күнтізбелік ай үшін, өткен айдан кейінгі бірінші күнтізбелік айдың басында клирингілік қатысушыларға ұсынылатын Биржа шоттарының негізінде ай сайын төленеді.

Деривативтер нарығында жасалған мәмілелер бойынша клирингілік алымды клирингілік қатысушы төлеуге жататын соманы қамтамасыз етуден Биржа ұстап қалуы арқылы, мерзімді келісімшартпен жасалатын операцияны жүзеге асырған күні төлейді.

(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 23 маусымындағы шешімімен өзгертілген)

- 3 *(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 11 қарашасындағы шешімімен алып тасталған).*
4. Биржаның қанжай да бір клирингілік қатысушысы бір уақытта, нетто негізде және/немесе гросс негізде Биржа клиринг жүргізетін, мәміле бойынша сатып алушы да, сатушы да болса, осы мәміле бойынша клирингілік алымды сатып алу ретінде де, сатушы ретінде де клирингілік алымды төлейді *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 11 қарашасындағы шешімімен алып тасталған).*
5. Валюталық своп және репо операцияларына қатысты клирингілік алымдар осы операцияларды ашу мәмілесі бойынша ғана есептеледі. Жабу мәмілелері бойынша клирингілік алымдар есептелмейді. *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 24 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген).*
- 5-1. Орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған міндеттемелерді реттеу мақсатында Биржамен жасалған мәмілелер бойынша клирингілік қатысушының өз міндеттемелерін тиісінше орындамауы келесі жағдайларға байланысты орын алғаны туралы растау болған кезде Биржа Басқармасының шешімі бойынша клирингілік алымдардың күші жойылуы мүмкін:
 - 1) Биржаның қандай да бір ақпараттық жүйесінің немесе оның жеке компонентінің жұмысында туындаған техникалық жаңылыс;
 - 2) Биржаның ішкі құжаттарында және/немесе клирингілік қызмет көрсету туралы келісім-шартында қарастырылған Биржаның өз функцияларын тиісінше орындамауы;
 - 3) Биржаның аса маңызды жеткізушісінің немесе оның жеке компонентінің қандай да бір ақпараттық жүйесінің жұмысында туындаған техникалық жаңылыс;
 - 4) еңсерілмес күш жағдайларының туындауы (форс-мажор жағдайлары, яғни, табиғи апаттар, дүлей зілзалалар, соғыстар, соғыс қимылдары, террористік актілер, халық толқулары, заңнаманың өзгеруі, реттеуші органдардың (уәкілдік берілген) іс-әрекеттері мен шешімдері, жергілікті атқарушы органдардың, мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың шешімдері, оның ішінде карантин жариялау және клирингілік қатысушы болжай алмаған және тікелей өзі болжап отырған басқа да осындай мән-жайлар клиринг қатысушысының өз міндеттерін тиісінше орындауына әсер етті) немесе қаржы нарығы ұйымдарының қызметін тоқтата тұруға байланысты өзге де уақиғалар, оның ішінде Биржа және/немесе клирингілік қатысушы орналасқан елді мекендерде төтенше жағдайдың енгізілуіне немесе төтенше жағдайдың туындауына байланысты;
 - 5) своп/репо мәмілесінің немесе операциясының заты болып табылатын қандай да бір қаржы құралының дұрыс орнатылмаған параметрлері;
 - 6) клирингілік қатысушыны ақылға қонымды бақылау шегінен шығатын өзге де жағдайлар және/немесе уақиғалар.

(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 11 қарашасындағы шешімімен енгізілген және Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 28 наурызындағы шешімімен өзгертілген).

6. Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры, қорды құрудағы негізгі мақсаты - еліміздің тұрақты әлеуметтік -экономикалық дамуын және болашақ ұрпақ үшін қаржы құралдарын жинақтау болып табылатын, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару аясында, қор ретінде Қазақстан

Республикасының Ұлттық Банкі жасаған шет ел валютасын сату-сатып алудағы спот-мәмілелер бойынша клирингілік алымдар есептелмейді *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 19 наурызындағы шешімімен енгізілген және Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 11 қарашасындағы шешімімен өзгертілген)*.

7. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасындағы мемлекеттің ақша-несие саясатын әзірлеуді және жүргізуді қамтамасыз етуші мемлекеттік орган ретінде, өзі репоны сатушы ретінде қатысатын репо операциялары бойынша клирингілік алымдарды төлеуден босатылады *Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 11 қарашасындағы шешімімен енгізілген*).
8. Repo операциялары бойынша клирингілік алымдар келесі формула бойынша есептеледі:

$$K = Q \times n \times P, \text{ мұнда:}$$

K – репо операциялары бойынша клирингілік алымдар;

Q – осы репо операциясына жататын ашылу мәмілесінің сомасы;

n – осы репо операциясының мерзімі (күнмен) (осы баптың 9 тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып);

P – осы Қағиданың 3 – қосымшасының 2-кестесінде анықталған, репо операциясының клирингілік алымының мөлшерлемесі ставка.

(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 11 қарашасындағы шешімімен енгізілген)

9. Repo операциясы бойынша Intraday мерзімімен комиссиялық алымды есептеу мақсатында осы операцияның мерзімі бірлікке тең қабылданады.

Repo операциясы мерзімін өзгерту кезінде осы репо операциясы бойынша клирингілік алым қайта есептелмейді.

(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 11 қарашасындағы шешімімен енгізілген)

10. Бағалы қағаздарға жазылу кезінде мәмілелерге қатысты және Қағидаға 3 қосымшаның 4 кестесінде көрсетілген жария ұсыныс жүргізу кезінде мәмілелерге қатысты клирингілік алымдарды Биржа тек ОК қатысуымен бағалы қағаздарды сатып алу-сату мәмілелері бойынша есептейді және төлейді:

- 1) бағалы қағаздардың түріне қарай осы Қағидаға 3 қосымшаның 4 кестесінің 1.1 және 1.2 жолдарында анықталған және осындай мәміленің сомасынан есептелетін мөлшерлемелер бойынша жазылуға қатысушылар, жария ұсынысқа қатысушылар;

- 2) бағалы қағаздардың түріне қарай (осы баптың 11 тармағында қарастырылған ерекшеліктерді ескере отырып) осы Қағидаға 3 қосымшаның 4 кестесінің 1.3-1.8-жолдарында анықталған осындай мәміле сомасынан есептелетін мөлшерлемелер бойынша жазылу бастамашысы, жария ұсыныс бастамашысы.

(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 29 маусымындағы шешімімен енгізілген және Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 01 наурызындағы шешімімен өзгертілген)

11. Жазылымды ұйымдастырғаны және жария ұсынысты өткізуді ұйымдастырғаны үшін Биржаның клирингілік алымын төлеуден босатылады *(осы абзац Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 01 наурызындағы шешімімен өзгертілген)*:

- 1) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі өзі шығарған бағалы қағаздарды орналастыру кезінде;
- 2) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі өзі немесе Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі шығарған бағалы қағаздарды орналастыру (сату) кезінде.

(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 29 маусымындағы шешімімен енгізілген)

12. Егер Биржаның мүшесі болып табылмайтын бағалы қағаздар эмитенті ОК қатысуымен жазылу бастамашысы немесе ОК қатысуымен жария ұсыныс бастамашысы болып табылған жағдайда, осындай бастамашы мен Биржаның арасындағы клирингілік алымды төлеу жөніндегі қатынастары жазылым бастамашысы немесе жария ұсыныс бастамашысы мен Биржа арасында жасалатын келісім-шартпен реттеледі *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 01 наурызындағы шешімімен енгізілген)*.

13 бап.

Клирингілік алымдардың мөлшерлемелері

1. Валюталық нарықтың клирингілік қатысушысы болып табылатын, Биржа мүшесі клирингілік алымдарды осы Қағиданың 1 қосымшасында белгіленген клирингілік алымдардың мөлшерлемелері бойынша, мүшелік жарналарды, биржалық және клирингілік алымдарды төлеу сызбасына қарай төленеді.
2. Қор нарығының клирингілік қатысушылары болып табылатын Биржа мүшелері мүшелік жарналарды, биржалық және клирингілік алымдарды төлеу сызбасына қарай осы Қағидалардың 3 қосымшасының 1, 2 және 4 кестелерінде белгіленген клирингілік алымдардың мөлшерлемелері бойынша клирингілік алымдарды төлейді *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 21 мамырындағы және 2022 жылдың 29 маусымындағы шешімімен енгізілді)*.
3. Деривативтер нарығының клирингілік қатысушылары болып табылатын Биржа мүшелері туынды қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша Биржаның мынадай формула бойынша есептелетін клирингілік алымдарын төлейді:

$$K = Fee_{fut} \times N, \text{ мұнда:}$$

K – мерзімді келісімшарттармен жасалған мәміле бойынша Биржаның клирингілік алымы;

Fee_{fut} – осы баптың 4 тармағына сәйкес анықталған, бір мерзімді келісімшарт үшін Биржаның клирингілік алымы;

N – мәміледегі мерзімді келісімшарттардың саны.

4. Осындай келісімшартта сауда-саттық ашылғанға дейін бір жұмыс күні бұрын анықталған бір мерзімді келісімшарттың есептесу құнына қарай Биржаның бір мерзімді келісімшарт үшін клирингілік алымы келесіні құрайды:

- 1) 0,5 теңге – мерзімдік келісімшарттың есептесу құны 50 000 теңгеге дейін қоса алғанда;

- 2) 1,0 теңге – мерзімдік келісімшарттың есептесу құны 50 001 теңгеден 150 000 теңгеге дейін қоса алғанда;

- 3) 1,5 теңге – мерзімдік келісімшарттың есептесу құны 150 001 теңгеден 400 000 теңгеге дейін қоса алғанда;

- 4) 2,0 теңге – мерзімдік келісімшарттың есептесу құны 400 000 теңгеден асқанда.

(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 23 маусымындағы шешімімен енгізілген)

5. Бір сауда сессиясы ішінде клирингілік қатысушы болып табылатын Биржа мүшесі нәтижесінде сол атаудағы мерзімді келісімшарттар бойынша жайғасым ашылған, содан кейін толық жабылған мерзімді келісімшарттармен мәмілелер жасасқан жағдайда, Биржаның осы мүшесіне қатысты бөлігінде осы мәмілелер бойынша Биржаның клирингілік алымы осы баптың 3 тармағына сәйкес есептелген клирингілік алым мөлшерінің 50 % құрайды *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 23 маусымындағы шешімімен енгізілген)*.
6. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасында мемлекеттің ақша-несие саясатын әзірлеуді және жүргізуді қамтамасыз ететін мемлекеттік орган ретінде өзі қатысатын мерзімді келісімшарттармен операциялар бойынша клирингілік алымдарды төлеуден босатылады *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 23 маусымындағы шешімімен енгізілген)*.

14 бап. *(Осы бап Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 24 қыркүйегіндегі шешімімен алып тасталған)*

4-1 тарау. КЕПІЛМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІ ЕСЕПKE АЛУ ҮШІН КОМИССИЯ

14-1 бап. Кепілмен қамтамасыз етуді есепке алу үшін комиссия төлеу тәртібі

1. Кепілмен қамтамасыз етуді есепке алу үшін комиссия банкаралық төлем карточкалары жүйесінде есеп айырысулардың аяқталуын қамтамасыз ету жүйесінде кепілмен қамтамасыз етуді қабылдау, есепке алу және бақылау үшін әрбір қамтамасыз ету шотынан алынады.
2. Осы баптың 1 тармағында көрсетілген кепілмен қамтамасыз етуді есепке алу комиссиясы өткен күнтізбелік айдан кейінгі күнтізбелік айдың басында клирингілік қатысушыларға ұсынылатын Биржа шоттарының негізінде өткен күнтізбелік ай үшін ай сайын төленеді.
3. Клирингілік қатысушылар осы Қағидаға 4 қосымшада белгіленген мөлшерлеме бойынша кепілмен қамтамасыз етуді есепке алу үшін комиссия төлейді.

(Осы тарау Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 29 маусымындағы шешімімен енгізілген)

5-тарау. БИРЖА ШОТЫН ҰСЫНУ ЖӘНЕ ТӨЛЕУ. МЕРЗІМДІ МҮШЕЛІК ЖАРНАЛАРДЫ, БИРЖАЛЫҚ ЖӘНЕ КЛИРИНГІЛІК АЛЫМДАРДЫ, КЕПІЛМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІ ЕСЕПKE АЛУ ҮШІН КОМИССИЯЛАРДЫ ТӨЛЕМЕГЕНІ (ТОЛЫҚ НЕМЕСЕ УАҚТЫЛЫ ТӨЛЕМЕГЕНІ) ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК

(Осы тақырыптама Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 29 маусымындағы шешімімен өзгертілген)

15 бап. Биржаның шотын ұсыну

1. Биржа өз мүшелеріне және/немесе қор және валюта нарықтарының клирингілік қатысушыларына мерзімді мүшелік жарналарды, биржалық және клирингілік алымдарды, кепілмен қамтамасыз етуді есепке алу үшін комиссияларды төлеуге арналған шоттарды мынадай тәсілдермен ұсынады *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың*

23 маусымындағы және 2023 жылдың 29 маусымындағы шешімімен өзгертілген):

- 1) Биржаның барлық мүшелеріне және оның клирингілік қатысушыларына – Биржаның уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасымен қол қойылған Is2in жүйесі арқылы Биржа шоттарының электрондық файлдарын жіберу арқылы *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 26 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген);*
- 2) барлық Биржа мүшелері мен клирингілік қатысушыларға – Биржа шоттарының электронды файлдарын eTransfer.kz электрондық құжаттармен алмасу жүйесі арқылы ұсыну арқылы *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 11 қарашасындағы шешімімен толықтырылған және Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 23 маусымындағы шешімімен өзгертілген)*
2. Биржа өз мүшелеріне және клирингілік қатысушыларына eTransfer.kz электрондық құжаттармен алмасу жүйесі арқылы ұсынатын шоттардың файлдары pdf (Portable Document Format) форматында қалыптастырылады.
Биржа өз мүшелеріне және клирингілік қатысушыларына eTransfer.kz электрондық құжаттармен алмасу жүйесі арқылы ұсынатын, ұсынылатын мәліметтердің құпиялылығын және түзетілмеуін қамтамасыз ететін, криптографиялық қорғау құралдарын қолдану арқылы қалыптастырылады.

(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 23 маусымындағы шешімімен өзгертілген)

3. Осы шоттың электрондық файлын is2in жүйесі немесе eTransfer.kz электрондық құжаттармен алмасу жүйесі арқылы жіберген күн Биржа мүшесіне немесе оның клирингілік қатысушысына мерзімді мүшелік жарналарды, биржалық және клирингілік алымдарды, кепілмен қамтамасыз етуді есепке алу үшін комиссияны төлеуге арналған шотты ұсынған күн болып есептеледі *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 23 маусымындағы, 2022 жылдың 26 қыркүйегіндегі және 2023 жылдың 29 маусымындағы шешімімен өзгертілген).*
4. Осы шоттың электрондық файлын is2in жүйесі немесе eTransfer.kz электрондық құжаттармен алмасу жүйесі арқылы жіберу, осындай жүйедегі тиісті жазба Биржа мүшесіне немесе оның клирингілік қатысушысына мерзімді мүшелік жарналарды, биржалық және клирингілік алымдарды, кепілмен қамтамасыз етуді есепке алу үшін комиссияны төлеуге арналған шотты ұсынуудың жеткілікті дәлелі болып табылады *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 23 маусымындағы, 2022 жылдың 26 қыркүйегіндегі және 2023 жылдың 29 маусымындағы шешімімен өзгертілген).*
5. Is2in жүйесінде және eTransfer.kz электрондық құжаттармен алмасу жүйесінде техникалық ақау анықталған жағдайда Биржа мүшесіне немесе оның клирингілік қатысушысына мерзімді мүшелік жарналарды, биржалық және клирингілік алымдарды төлеуге арналған шотты, кепілмен қамтамасыз етуді есепке алу үшін комиссияны ұсыну осындай Биржа шоттарының түпнұсқаларын пошта байланысы операторы (операторлары) арқылы қағаз жеткізгіштерде жіберу жолымен жүзеге асырылатын болады *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 26 қыркүйегіндегі шешімімен енгізілген және Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 29 маусымындағы шешімімен өзгертілген).*

16 бап. Биржаның шотын төлеу

1. Мерзімді мүшелік жарналарды, биржалық және клирингілік алымдарды төлеуге арналған Биржаның шоты, кепілмен қамтамасыз етуді есепке алу үшін комиссия оны ұсынған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде төленуі тиіс *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 29 маусымындағы шешімімен өзгертілген)*.
2. Осы тармақтың екінші абзацында белгіленген ақшаны қоспағанда, мерзімді мүшелік жарналарды, биржалық және клирингілік алымдарды, кепілмен қамтамасыз етуді есепке алу комиссиясын төлеу ретінде Биржа алған ақша, оның ішінде Биржа мүшесі сауда-саттыққа қатысудан шеттетілген немесе Биржаның клирингілік қатысушысы мәртебесінің қолданылуы тоқтатылған жағдайларда және техникалық алымдарды төлеушілер қашықтан қол жеткізу тәртіптемесінде сауда-саттық жүйесімен жұмыс істеуден бас тартқан жағдайларда қайтарылуға жатпайды *(осы абзац Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 29 маусымындағы шешімімен өзгертілген)*.
Мерзімдік мүшелік жарналарды, биржалық немесе клирингілік алымдарды төлеушінің өтініші бойынша Биржа оған жарна немесе алым ретінде төленген ақшаларды, осындай аударым техникалық жаңылыс салдарынан болған жағдайда ғана, қайтарады.
3. Клирингілік қатысушы болып табылатын Биржа мүшесінің мерзімді мүшелік жарналарды, биржалық және клирингілік алымдарды, кепілмен қамтамасыз етуді есепке алу үшін комиссияны төлеу жөніндегі берешегі Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес өзара есепке алу арқылы өтелуі мүмкін *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 23 маусымындағы шешімімен енгізілген және Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 29 маусымындағы шешімімен өзгертілген)*.

17 бап. Мерзімді мүшелік жарналарды, биржалық және клирингілік алымдарды, кепілмен қамтамасыз етуді есепке алу үшін комиссияларды төлемегені (толық немесе уақтылы төлемегені) үшін жауапкершілік

(Осы тақырыптама Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 29 маусымындағы шешімімен өзгертілген)

1. Биржа мүшесінің немесе клирингілік қатысушының мерзімді мүшелік жарналарды және/немесе биржалық немесе клирингілік алымдарды төлемегені (толық немесе уақтылы төлемегені) үшін, кепілді қамтамасыз етуді есепке алу үшін комиссиялар Биржаның осы мүшесінен немесе клирингілік қатысушыдан осы жарналарды және/немесе алымдарды және/немесе комиссияларды төлеуге Биржаға тиесілі төлем сомасының осындай соманы төлеуді кешіктірудің әрбір күнтізбелік күні үшін 0,2 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын өндіріп алуға құқылы.
Осы тармақтың бірінші абзацында көрсетілген тұрақсыздық айыбын төлеу Биржа мүшесін немесе клирингілік қатысушыны мерзімді мүшелік жарналарды және/немесе биржалық және клирингілік алымдарды, кепілмен қамтамасыз етуді есепке алу үшін комиссияны төлеу міндетінен босатпайды.
(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 29 маусымындағы шешімімен өзгертілген)
2. Биржа мүшесі болып табылмайтын, қаржы құралының жалғыз сатушысы немесе сатып алушысы бар сауда-саттықты немесе жазылым бастамашысының жазылым өткізуді ұйымдастырғаны үшін Биржаның комиссиялық алымын төлемегені (толық немесе уақтылы төлемегені) үшін Биржа осы сауда-саттық немесе жазылым бастамашысынан Биржаға

тиіесілі алым сомасынан әр кешіктірілген күнтізбелік күнге 0,2 % мөлшерде тұрақсыздық төлемін өндіріп алуға құқылы.

Осы тармақтың бірінші абзацында көрсетілген тұрақсыздық төлемін төлеу сауда-саттық немесе жазылым бастамашысын Биржаның қаржы құралының жалғыз сатушысы немесе сатып алушысы бар сауда-саттықты немесе жазылым ұйымдастырып өткізгені үшін комиссиялық алымдарын төлеу міндеттемесінен босатпайды.

3. Биржа мүшесі мерзімдік мүшелік жарналарды, биржалық алымдарды осы Қағидаға сәйкес оларды төлеу үшін орнатылған мерзім аяқталғаннан кейін он жұмыс күні ішінде төлемесе (толық немесе уақытылы төлемесе), Биржа Басқармасы осы Биржа мүшесін (белгілі бір немесе барлық) қаржы құралдарының сауда-саттығынан қатысудан шеттетуге құқылы.
4. Биржа мүшесі клирингілік алымдарды осы Қағидаға сәйкес оларды төлеу үшін орнатылған мерзім аяқталғаннан кейін он жұмыс күні ішінде төлемесе (толық немесе уақытылы төлемесе), Биржа Басқармасы осы Биржа мүшесін (белгілі бір немесе барлық) клирингілік қатысушы мәртебесінің қолданысын тоқтатуға құқылы.

5 тарау. ТҰЖЫРЫМДЫ ҚАҒИДАЛАР

18 бап. Тұжырымды қағидалар

1. Осы Қағида Биржаның интернет-сайтында жариялануы тиіс.
2. Осы Қағида, қажетіне қарай, бірақ үш жылдан сирек емес, актуализациялануы тиіс.

Басқарма Төрайымы

Алдамберген А.Ө.

Мүшелік жарналар,
биржалық және
клирингілік алымдар
туралы, кепілмен
қамтамасыз етуді
есепке алу үшін
комиссия туралы
қағидаға

1 ҚОСЫМШ

*(Осы қосымша Биржаның Директорлар кеңесінің
2019 жылдың 24 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген)*

**Биржаның валюталық нарығындағы мүшелік жарналар,
биржалық және клирингілік алымдарының
МӨЛШЕРЛЕМЕЛЕРІ (КӨЛЕМДЕРІ)**

	Мүшелік жарналар, биржалық және клирингілік алымдарды төлеу сызбасының атауы	Кіру мүшелік жарнасының мөлшерлемесі		Мүшелік жарнаның ай сайынғы мөлшерлемесі		Комисси ялық алымны ң мөлшер леме-сі	Клирин гілік алымн ың мөлшер леме-сі
		Бірінші деңгейдегі рұқсаттама	Екінші деңгейдегі рұқсаттама	Бірінші деңгейдегі рұқсаттама	Екінші деңгейдегі рұқсаттама		
	1	2	3	4	5	6	7
	1 сызба	6 000 АЕК	1 500 АЕК	200 АЕК	150 АЕК	–	0,0005 %
	2 сызба	6 000 АЕК	1 500 АЕК	300 АЕК	200 АЕК	–	0,0003 %
	3 сызба	6 000 АЕК	1 500 АЕК	400 АЕК	250 АЕК	–	0,0002 %
	4 сызба	1 500 АЕК	–	25 АЕК	–	–	0,0005 %
	5 сызба	–	–	125 АЕК	–	–	0,0002 %

Кестеге ескерту:

- "–" таңбасы осы сызба үшін мөлшерлеме қолданылмайтынын белгілейді;
- клирингілік алымның мөлшерлемесі, клирингілік алым төленетін кезеңде Биржа мүшесінің жасасқан әр мәмілесінің сомасынан пайызбен орнатылады;
- клирингілік алымның мөлшерлемесі валюталық своп операцияларын жабу мәмілелеріне қатысты қолданылмайды.

Мүшелік жарналар,
биржалық және
клирингілік алымдар
туралы, кепілмен
қамтамасыз етуді
есепке алу үшін
комиссия туралы
қағидаға

2 қосымша

*(Осы қосымша Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 25 желтоқсанындағы,
2019 жылдың 24 қыркүйегіндегі және 2020 жылдың 21 мамырындағы
шешімдерімен өзгертілген)*

**Биржаның қор нарығындағы мүшелік жарналардың
МӨЛШЕРЛЕМЕЛЕРІ (КӨЛЕМДЕРІ)**

№ р/с	Жарнаманың немесе алымның атауы (түрі)	Мүшелік жарналардың, биржалық және клирингілік алымдарды төлеудің 1 сызбасы	Мүшелік жарналардың, биржалық және клирингілік алымдарды төлеудің 2 сызбасы
A	1	2	3
1.	Мүшелік жарналар		
1.1.	Кіру мүшелік жарнасының мөлшерлемесі	1 500 АЕК	1 500 АЕК
1.2.	Ай сайынғы мүшелік жарналардың мөлшерлемесі	25 АЕК	50 АЕК

Мүшелік жарналар, биржалық
және клирингілік алымдар
туралы, кепілмен қамтамасыз
етуді есепке алу үшін комиссия
туралы қағидаға

3 қосымша

(Осы қосымша Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 21 мамырындағы шешімімен енгізілген)

**Биржаның қор нарығындағы комиссиялық және клирингілік алымдарының
МӨЛШЕРЛЕМЕЛЕРІ (КӨЛЕМДЕРІ)**

1 кесте

№ р/с	Бағалы қағаздардың атауы	Сызба	Биржалық комиссиялық алымдар	Клирингілік алымдар	Барлығы
1	2	3	4	5	6
1.	Биржада айналымға жіберілген листингілік бағалы қағаздар бойынша ашық сауда-саттық әдістерінің кез-келген түрімен жасалған сатып алу-сату мәмілелері				
1.1.	Бағалы қағаздардың барлық түрлері	1 сызба 1	0,01 %, бірақ 0,1 АЕК кем емес	0,005 %, бірақ 0,1 АЕК кем емес	0,015 %, бірақ 0,2 АЕК кем емес
1.2.	"Таза" бағамен саудаланатын облигациялардан басқа, акциялар мен өзге де бағалы қағаздар	2 сызба	0,01 %	0,003 %	0,013 %
1.3.	1) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шығарған мемлекеттік бағалы қағаздары; 2) Қазақстан Республикасының заңдарынан басқа, өзге мемлекеттің		0,0001 % × күнмен өтеу мерзімі, бірақ 0,01 % артық емес	0,00002 % × өтеуге дейінгі мерзімі күнмен, бірақ 0,002 % артық емес	0,00012 % × күнмен өтеу мерзімі, бірақ 0,012 % артық емес

**Мүшелік жарналар, биржалық және клирингілік алымдар туралы,
кепілмен қамтамасыз етуді есепке алу үшін комиссия туралы қағида**

№ р/с	Бағалы қағаздардың атауы	Сызба	Биржалық комиссиялық алымдар	Клирингілік алымдар	Барлығы
1	2	3	4	5	6
	заңдарына сәйкес шығарылған Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің АҚШ долларымен номинацияланған бағалы қағаздары				
1.4.	Бағалы қағаздардың барлық түрлері	1 сызба	0,05 %, бірақ 0,25 АЕК кем емес	0,005 %, бірақ 0,1 АЕК кем емес	0,015 %, бірақ 0,2 АЕК кем емес
1.2.	"Таза" бағамен саудаланатын облигациялардан басқа, акциялар мен өзге де бағалы қағаздар	2 сызба	0,01 %	0,003 %	0,013 %
1.3.	1) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шығарған мемлекеттік бағалы қағаздары; 2) Қазақстан Республикасының заңдарынан басқа, өзге мемлекеттің заңдарына сәйкес шығарылған Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің АҚШ долларымен номинацияланған бағалы қағаздары		0,0001 % × күнмен өтеу мерзімі, бірақ 0,01 % артық емес	0,00002 % × өтеуге дейінгі мерзімі күнмен, бірақ 0,002 % артық емес	0,00012 % × күнмен өтеу мерзімі, бірақ 0,012 % артық емес
1.4.	1.3 тармағында көрсетілген облигациялар санынан басқа, таза бағамен саудаланатын облигациялар		0,0001 % × күнмен өтеу мерзімі, бірақ 0,01 % артық емес	0,00003 % × өтеуге дейінгі мерзімі күнмен, бірақ 0,003 % артық емес	0,00013 % × күнмен өтеу мерзімі, бірақ 0,013 % артық емес
2.	"Бейлистингілік бағалы қағаздар" секторында айналымға жіберілген, листингілік бағалы қағаздар мен бағалы қағаздар бойынша сату және сатып алу мәмілелері бойынша сату және сатып алудың тікелей мәмілелері				
2.1.	Бағалы қағаздардың барлық түрлері	1 сызба	0,05 %, бірақ 0,1 АЕК кем емес	0,001 %, бірақ 0,25 АЕК кем емес	0,06 %, бірақ 0,5 АЕК кем емес
2.2.	"Таза" бағамен саудаланатын облигациялардан басқа, акциялар мен өзге	2 сызба	0,05 %	0,01 %	0,06 %

**Мүшелік жарналар, биржалық және клирингілік алымдар туралы,
кепілмен қамтамасыз етуді есепке алу үшін комиссия туралы қағида**

№ р/с	Бағалы қағаздардың атауы	Сызба	Биржалық комиссиялық алымдар	Клирингілік алымдар	Барлығы
1	2	3	4	5	6
	де бағалы қағаздар				
2.3.	"Таза" бағамен саудаланатын облигациялар		00,0005 % × күнмен өтеу мерзімі, бірақ 0,05 % артық емес	0,00001 % × өтеуге дейінгі мерзімі күнмен, бірақ 0,001 % артық емес	0,0006 % × күнмен өтеу мерзімі, бірақ 0,06 % артық емес

Кестеге ескертпелер:

- сатып алу-сату мәмілелері бойынша биржалық комиссиялық және клирингілік алымдардың мөлшерлемелері осындай мәмілелер сомасының пайызында көрсетілген;
- 1.3, 1.4 және 2.3 тармақтарда көрсетілгендердің ішінен бағалы қағаздарды сатып алу-сату мәмілелері бойынша биржалық және клирингілік алымдарды есептеу мақсатында осы бағалы қағаздарды өтегенге дейінгі мерзім күнтізбелік күндермен есептелетін уақыт кезеңі ретінде анықталады.

(Осы ескерту Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 31 тамызындағы шешімімен енгізілген)

2 кесте

Репо операциялары бойынша биржалық комиссиялық және клирингілік алымдар								
№	Атауы	Сызбасы	Гросс-есептеулер (ОК-сіз)			Неттинг (ОК)		
			Биржалық комиссиялық алымдар	Клирингілік алымдар	Барлығы	Биржалық комиссиялық алымдар	Клирингілік алымдар	Барлығы
1	2	3	4	5	6	7	8	9
1.	Жүзеге асыру әдісіне және ондай репо операциялары мәніне тәуелсіз репо	Сызба 1	0,000075 %, бірақ 0,175 АЕК кем емес	0,000025 %, бірақ 0,175 АЕК кем емес	0,0001 %, бірақ 0,35 АЕК кем емес	0,000075 %, бірақ 0,01 АЕК кем емес	0,00015 %, бірақ 0,01 АЕК кем емес	0,000225 %, бірақ 0,02 АЕК кем емес

Мүшелік жарналар, биржалық және клирингілік алымдар туралы,
кепілмен қамтамасыз етуді есепке алу үшін комиссия туралы қағида

Репо операциялары бойынша биржалық комиссиялық және клирингілік алымдар								
№	Атауы	Сызбасы	Гросс-есептеулер (ОК-сіз)			Неттинг (ОК)		
			Биржалық комиссиялық алымдар	Клирингілік алымдар	Барлығы	Биржалық комиссиялық алымдар	Клирингілік алымдар	Барлығы
	операциялары	Сызба 2	0,000075 %, бірақ 0,175 АЕК кем емес	0,000015 %, бірақ 0,175 АЕК кем емес	0,00009 %, бірақ 0,35 АЕК кем емес	0,000075 %	0,000115 %	0,00019 %
2.	Реттеу тәртіптемесінде жасалған, қор нарығының своп операциялары бойынша	Сызба 1/ Сызба 2	–	–	–	0,0001 %*	0,0001 %*	0,0002 %*

Кестеге ескертпелер:

- репо операциялары бойынша биржалық комиссиялық және клирингілік алымдарды есептеу мақсатында мөлшерлеме осы операцияға жататын ашу мәмілесінің сомасына және күнтізбелік күндермен есептелетін репо операциясының мерзіміне көбейтіледі;
- "*" символы своп операциясына жататын ашу мәмілесінің сомасынан есептелетін мөлшерлемесін білдіреді.

(Осы ескерту Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 31 тамызындағы шешімімен енгізілген)

3 кесте

(Осы кесте Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 29 маусымындағы шешімімен енгізілген)

	Сауда-саттық заты	Биржалық комиссиялық алымдар
1	2	3
1	Қаржы құралының жалғыз сатушысымен немесе сатып алушысымен сауда-саттықты ұйымдастыру және өткізу	
1.1.	Акциялардың мемлекеттік пакеті	мәміле сомасының 0,01 %

**Мүшелік жарналар, биржалық және клирингілік алымдар туралы,
кепілмен қамтамасыз етуді есепке алу үшін комиссия туралы қағида**

	Сауда-саттық заты	Биржалық комиссиялық алымдар
1	2	3
1.2.	Мемлекеттік бағалы қағаздар (егер жалғыз сатып алушы/сатушы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі немесе Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі болса)	мәміле сомасының 0,01 %
1.3.	Облигациялар	<p>Облигациялардың айналыс мерзіміне байланысты, бірақ АЕК 80 еселенген мөлшерінен кем емес және АЕК 5.000 еселенген мөлшерінен артық емес:</p> <p>91 күнге дейін қоса алғанда – облигациялардың жиынтық номиналды құнының 0,005 %;</p> <p>92 күннен 182 күнді қоса алғанға дейін – облигациялардың жиынтық номиналды құнының 0,01 %;</p> <p>183 күннен 364 күнді қоса алғанға дейін – облигациялардың жиынтық номиналды құнының 0,015 %;</p> <p>365 күннен бастап және одан жоғары – облигациялардың жиынтық номиналды құнының 0,025 %</p>
1.4.	Облигациялардан басқа, өзге қаржы құралы	Мәмілелердің жиынтық көлемінің 0,025 % (теңгемен), бірақ АЕК 80 еселенген мөлшерінен кем емес және АЕК 5.000 еселенген мөлшерінен артық емес
1.5.	Бағалы қағаздардың кез келген түрі (егер бірде-бір мәміле жасалмаса)	Мамандандырылған сауда-саттық бастамашысынан АЕК 50 еселенген мөлшері

Кестеге ескерту:

- 1.3 тармақта көрсетілгендердің ішінен бағалы қағаздарды жалғыз сатушымен немесе сатып алушымен сауда-саттықты ұйымдастырғаны және өткізгені үшін биржалық комиссиялық алымды есептеу мақсатында осы бағалы қағаздардың айналыс мерзімі күнтізбелік күндермен

**Мүшелік жарналар, биржалық және клирингілік алымдар туралы,
кепілмен қамтамасыз етуді есепке алу үшін комиссия туралы қағида**

есептелетін уақыт кезеңі ретінде анықталады.

(Осы ескерту Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 31 тамызындағы шешімімен өзгертілген)

4 кесте.

(Осы кесте Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 29 маусымындағы шешімімен енгізілген және Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 01 наурызындағы шешімдерімен өзгертілген)

	Сауда-саттық заты	Биржалық комиссиялық алымдар	Алдын ала тексерумен және қамтамасыз етуді бұғаттаумен ОК қатысуымен жазылымды (жария ұсынысты) өткізу кезіндегі клирингілік алымдар
1	2	3	4
1	Бағалы қағаздарға жазылу және бағалы қағаздарға жария ұсыныс жүргізу		
1.1.	Мемлекеттік акциялар пакеті	Мәміле сомасының 0,01 %	Мәміле сомасының 0,005 %, бірақ АЕК мөлшерінің 5.000 еселенген мөлшерінен артық емес
1.2.	Мемлекеттік бағалы қағаздар (егер жазылымның бастамашысы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі немесе Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі болса)	Мәміле сомасының 0,01 %	Мәміле сомасының 0,005 %, бірақ АЕК мөлшерінің 5.000 еселенген мөлшерінен артық емес
1.3.	Облигациялар (1.4 жолда көрсетілген облигацияларды қоспағанда)	Облигациялардың жиынтық номиналды құнының 0,025 %, бірақ АЕК мөлшерінің 250 еселенген мөлшерінен кем емес және АЕК мөлшерінің 5.000 еселенген мөлшерінен артық емес	Мәміле сомасының 0,005 %, бірақ АЕК мөлшерінің 5.000 еселенген мөлшерінен артық емес
1.4.	Қазақстан Республикасынан басқа мемлекеттің заңнамасына сәйкес шығарылған облигациялар, бұл ретте:	Облигациялардың жиынтық номиналды құнының 0,025 %, бірақ АЕК мөлшерінің 1000 еселенген мөлшерінен артық емес	-

**Мүшелік жарналар, биржалық және клирингілік алымдар туралы,
кепілмен қамтамасыз етуді есепке алу үшін комиссия туралы қағида**

	Сауда-саттық заты	Биржалық комиссиялық алымдар	Алдын ала тексерумен және қамтамасыз етуді бұғаттаумен ОК қатысуымен жазылымды (жария ұсынысты) өткізу кезіндегі клирингілік алымдар
1	2	3	4
	<p>1) қабылданған өтінімдер саны 50 дан аспайды;</p> <p>2) есептесулер Орталық депозитарий арқылы жүзеге асырылмайды</p>		
1.5.	<p>Қазақстан Республикасынан басқа мемлекеттің заңнамасына сәйкес шығарылған облигациялар, бұл ретте:</p> <p>1) қабылданған өтінімдер саны 50 дан аспайды;</p> <p>2) есептеулер Орталық депозитарий арқылы жүзеге асырылады</p>	<p>Облигациялардың жиынтық номиналды құнының 0,025 %, бірақ АЕК мөлшерінің 1000 еселенген мөлшерінен артық емес</p>	<p>Мәміле сомасының 0,005 %, бірақ АЕК мөлшерінің 5.000 еселенген мөлшерінен артық емес</p>
1.6.	<p>Акциялар</p>	<p>Мәмілелердің жиынтық көлемінің 0,1 % (теңгемен), бірақ АЕК мөлшерінің 250 еселенген мөлшерінен кем емес және АЕК мөлшерінің 5.000 еселенген мөлшерінен артық емес</p>	<p>Мәміле сомасының 0,005 %, бірақ АЕК мөлшерінің 5.000 еселенген мөлшерінен артық емес</p>

Мүшелік жарналар, биржалық және клирингілік алымдар туралы,
кепілмен қамтамасыз етуді есепке алу үшін комиссия туралы қағида

	Сауда-саттық заты	Биржалық комиссиялық алымдар	Алдын ала тексерумен және қамтамасыз етуді бұғаттаумен ОК қатысуымен жазылымды (жария ұсынысты) өткізу кезіндегі клирингілік алымдар
1	2	3	4
1.7.	Жеке орналастыруға жататын облигациялар	Облигациялардың жиынтық номиналды құнының 0,025 %, бірақ АЕК мөлшерінің 250 еселенген мөлшерінен кем емес және АЕК мөлшерінің 5.000 еселенген мөлшерінен аспайды	Мәміле сомасының 0,005 %, бірақ АЕК мөлшерінің 5.000 еселенген мөлшерінен аспайды
1.8.	Бағалы қағаздардың кез-келген түрі (егер бірде-бір мәміле жасалмаса)	Жазылым (жария ұсыныс) бастамашысынан АЕК-тің 50 еселенген мөлшері	-

Мүшелік жарналар, биржалық және клирингілік алымдар туралы,
кепілмен қамтамасыз етуді есепке алу үшін комиссия туралы қағида

Мүшелік жарналар, биржалық және клирингілік алымдар және кепілмен қамтамасыз ету қызметтерін көрсеткені үшін комиссиялар туралы Ережеге

4 қосымша

(Осы қосымша Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 29 маусымындағы шешімімен енгізілген)

кепілмен қамтамасыз етуді есепке алу үшін комиссияның

МӨШЕРЛЕМЕСІ

№	Кепілмен қамтамасыз етуді есепке алу үшін комиссияның мөлшерлемесі	Ескертпе
1	25 АЕК	Әрбір қамтамасыз ету шотынан ай сайын алынады